



АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ОБУЧЕНИЯ И ВОСПИТАНИЯ

А.Б. Айтбаева,

*жалпы және этникалық педагогика
кафедрасының доценті*

А. Смайлова,

*педагогика және психология
I курс студенті әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

ЖАСТАРДЫ ҰЛТЖАНДЫЛЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУДІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ұрпақ тәрбиесін қандай кезеңде де көзден таса көңілден қағаберіс қалдыруға болмайды. Бүгінгі бала ертеңгі аға, қалыптаса келе дара тұлға. Бұл туралы алаштың арыс ұлы Ахмет Байтұрсынұлы: «Балам деген жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан шықсын» - деп өсиет айтқан еді. Адамзат пайда болғалы бері жас ұрпақты тәрбиелеу ісі – адамның алдында тұрған міндеттердің ішінен басты орын алады. Елбасы Н.Назарбаев “Қалың елім – Қазағым” жинағында “...Қазақстанда тұратын әрбір адам өзін осы елдің перзенті сезінбейінше, оның өткенін біліп, болашағына сенбейінше біздің жұмысымыз ілгері баспайды...” және “біз қазақстандық патриотизмді Отанын, жері мен суын шексіз сүю, халқының өнеге-дәстүрін, әдет-ғұрпын, елдің тарихын құрмет түту, мүддесін көздеп, бостандығы мен құқын қорғау, әр адамның күш-жігерін ел бірлігін нығайтуға, азаматтық татулықты баянды етуге және ұлтаралық татулықты тұрақтандыруға жұмсау” деп жазған еді.[1]

Бұлай екпін түсіріп айтуының өзі қазіргі еліміздің саяси-әлеуметтік, экономикалық тұрғыдан тәуелсіздікке жетіп отырған тәуелсіз мемлекеттігіміздің тұрақтылығын сақтап, оны болашаққа аманат етуді

көздейді. Міне, осы тұрғыдан келсек, мемлекеттік дәрежедегі мәселе білім беру саласында ұлтжандылық сезімді тәрбиелей оқыту мәселесінің өзектілігі сөзсіз. Ата-бабамыздың ғасырлар бойы көзінің қарашығындай сақтап, біздерге қымбатты мұра ретінде жеткізіп кеткен салт-дәстүрлерін, әдеп-ғұрыптарын, адами құндылықтарын, қысқасы, ұлттық атрибуттарын жас ұрпақтың бойына сіңіру де аяда тұрған зор міндет.

В.И. Даль сөздігінде: «Патриот - отанын сүю, оның қуатын арттырушы, отаншыл[2]», - деп жазылса, басқа сөздікте "патриот-отанын сүюші, өз халқына берілген, ол үшін жанын қиып, отанын қорғау үшін ерлік көрсететін адам" - делінген. Педагогикадағы анықтамасы: адамгершілік сапа, Отанға берілуді қажетсіну, оны сүю және адалдық көрсету, оның даңқын сезіну, рухани байланысын сезіну, ар-намысын қорғау, қуаты мен тәуелсіздігіне іс жүзінде үлес қосу.

Көне грек ғұламаларының айтуына қарағанда, адамның белгілі бір ұлтқа, халыққа тән екендігін айқын сезіну үшін бес түрлі шартқа толық жауап беруі тиіс. Біріншіден, сол ұлттың тілін жақсы білуі қажет. Екіншіден, сол ұлттың дінін терең

меңгергені жөн. Үшіншіден, сол ұлттың дәстүрін толық бойына сіңіруі тиіс. Төртіншіден, сол ұлттың тарихын бес саусағындай білгені абзал. Бесіншіден, сол ұлт мекендеген жердің ой – шұңқырын жақсы білуі парыз. Осындай бес сипаттаманы бойына дарытқан адам ғана сол ұлттың толыққанды өкілімін деуге құқылы дейді грек ойшылдары. [3]

Жастарда ұлтжандылықты тәрбиелеу үшін бізде рухани байлығымыз – тіліміз, дініміз, салт – дәстүріміз, тарихымыз одан басқа да құндылықтарымыз жетерлік. Оның дәлелі ретінде ұлттық санамыздың құрамаларын атап өтетін болсақ, олар: біріншіден, қазақ этносы ғасырлар бойы қалыптасқан. Ол осы жерге әлдеқалай отаршылдық немесе басқыншылық жолмен келмеген. Қазақтардың тарихи тек – тамыры мейлінше тереңде. Ондай тек – тамыр алғашқы қазақ хандығы құрылған кезеңмен әсте шектелмейді. Қазақтардың тарихи тұрақтылығы тарихи кезеңдерде айрықша рөл атқарған. Барша қазақты атамекенінен кіндік үзуге мәжбүрлейтін күш болмады.

Екіншіден, әлеуметтік – мәдени қыспақтың небір жойқын түрлеріне карамастан, ұлттық – мәдени жаңғырудың тетіктерін тежеу ешкімнің қолынан келмеген. Қазақ әдебиеті мен музыкасы, фольклоры бірде ғажайып поэзиялық дәстүр түрінде, енді бірде әуен – сазы келіскен музыкалық нысан түрінде, тіптен кейде этнологиялық тегеурінді серпілісімен ұлттық сананы сергітіп қана қоймаған, сонымен бірге мән – мазмұнын да кеңейтіп отырған. Содан да болар ғасыр басындағы ең бір озық деген отандастарымызға қарағанда бүгінгі қазақтардың мәдени әмбебаптығы әлдеқайда терең де кең.

Үшіншіден, қазақтардың ұлттық біртектестігінің қуаттылығы. Біздің ұлтымыз ұзақ жылдар бойы не діни, не этникалық біртектестігінен айныған емес. Біздің елдің өз ұлтына деген баға – байламы шын мәнінде таң қалдырады.[4]

Зерттеуші ғалымдардың, педагогтардың тұжырымдары бойынша, жас ұрпақты отан-сүйгіштікке баулуда баға жетпес педагогиче-

калық құрал – батырлардың қаһармандық бейнесі және оның қазақ ауыз әдебиетінде, тарихында, көркем шығармаларда сомдалуы болып табылады десек, одан қазақ батырларының бойындағы елдік қасиеттердің жиынтығы да, азаматқа тән адамгершілік болмысы “сегіз қырлы, бір сырлылық” та, шешенге тән алымдылық та, данаға тән білгірлік те, биге тән көсемдік те, әулиеге тән көрегендік те табылады. Сөзіміз дәлелді болу үшін Ер Төстіктің қаһармандығын, Исатай батырдың ел бастаған билігін, Махамбет батырдың шешендігін, Б.Момышұлының батырлығын айтуға болады. Тамыры терең патриоттық тәрбиенің көзі ұлттық тарихымызда осылай жалғасып кете береді.

Ғалымдардың пайымдауынша, патриотизмге тәрбиелеуде сүйенетін негізгі ұғымдар – ұлттық патриотизм және қазақстандық патриотизм.

“Ұлттық патриотизм – бұл ұлттың ішіндегі жеке адамның асыл белгісі мен қасиеті, өз халқына деген сүйіспеншілігі, өз халқымен қан жағынан да және шыққан тегі, территориясы, тілі, тұрмыс-тіршілігі, мінез-құлқы, психологиялық және этнографиялық ерекшеліктері қалыптасқан, тарихи дәстүрлері жағынан да әбден айқын әрі дербес басқа қасиеттері және ерекшеліктерімен де байланысты” дейді.

Адам басқа ұлт өкілдерін құрметтейді, оның тіліне, ұлттық әдет-ғұрыптарына, салт-дәстүрлеріне тіл тигізбейді. Ұлтжандылық ұғымына енетіндер:

- адамның туған жерін сүйіп, өз халқының тілін құрметтеуі,
- Отанының мүддесін қорғау, азаматтың көрсетуі және Отанға адалдықты сақтау;
- елінің әлеуметтік және мәдени салаларда жеткен жетістіктеріне мақтану;
- оның ар-намысын, еркіндігі мен тәуелсіздігін қорғау;
- өткен тарихын, халқының әдет-ғұрыптарын, салт-дәстүрлерін құрметтеу,
- Отан игілігі үшін еңбек ету.

Баланың туған халқының елдік, ұлттық тарихын білуі, оның ашы-тұщы кезеңдеріне мән беріп өсуі. Жас ұрпақты адамгершілікке тәрбиелеуде ұлттық сана мен мінез

ерекшеліктерінің орны ерекше. Ұлттық тәрбие жүйесінің негізі ретінде Мұхтар Шахановтың мына бір өлең жолдарында жырланған төрт ана, төрт құндылық, төрт негізді ұсынамыз:

"Тағдырыңды тамырсыздық індетінен қалқала

Әр адамнан өз анасынан басқа
Жебеп тұрар, демеп тұрар арқада
Болу керек күдіретті төрт ана:
Туған жері - түп қазығы айбыны,
Туған тілі — сатылмайтын байлығы.
Туған дәстүр, салт-санасы-тірегі,
Қасиетті бұл төрт ана - тағдырыңның

тынысы,

Төрт ана үшін болған күрес -
күрестердің ұлысы.[5]

Ұлттық қадір-қасиет ата – бабалардан қалған дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, біздің заманымызға дейін жетіп отыр. Халқымыздық рухани бейнесін әдебиет, өнер, ғылым, мінез-құлық, ұлттық сезім, әдет-ғұрыптар, т.б. бейнелейді. Әдептілік, имандылық, мейірімділік, қайырымдылық, ізеттілік құндылықтары қалыптасқан халқымыздың асыл, абыройлы қасиеттерін жас ұрпақтың ақыл-парасатына жеткізу үшін, әрбір тәрбиелі ұстаз, халық педагогикасын, салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды жан-жақты терең білуі қажет. Жетілген мінез-құлық үш нәрсенің - жүректің, ақылды және қолдық бірлігі мен келісімі. Бала өз жүрегін тындауға үйренсе, жүрегінің айтқанын істейтін болса, өмірден өз орнын табады. Адам баласының өмір тәжірибесінде қалыптасқан үлкендерге құрмет көрсету ізеті өшпес дәстүрге айналған.

Өткен тарихымызды ұмытпай, бүгінгі тарихпен байланыстыра білсек, біздің ұтарымыз көп. Ең алдымен балабақша қабырғасынан бастап жеткіншектерге ұлтжандылық, Отансүйгіштік, бауырмалдық, достық сезімдерін түсіндіріп, оларды ұлттық қасиеттерге баулу әрбір тәрбиешінің, мұғалімнің ғана емес, ата-ананың да адамдық парызы деп білеміз. Заманымыздың заңғар жазушысы, жерлесіміз Ғабиден Мұстафин көзі тірісінде

«Енді ұлтшылдықпен емес, ұлтсыздықпен күресетін боласындар» деп айтқан өсиетін естен шығармайық, ағайын ұлтжандылық, отансүйгіштік - әрбір адамға керек қасиет. Адам бойында бұл қасиеттер болмаса, елінің азаматы, өз халқының ұлы мен қызы болу мүмкін емес.

Баламыз ұлтжанды азамат болып өсіп, отбасына ғана емес, халқына пайдасы тиісін десеңіз, өмірге келген күннен бастап өнегелі тәрбие беруді мақсат тұту керек. Балаларда ұлтжандылық қасиетті дарыту үшін оларға ең алдымен өз Отанына деген сүйіспеншілікті қалыптастыру керек. Ол үшін арнайы өлкетанымдық сабақтар көптеп өтілуі тиіс. Балалармен табиғат аясында серуендеуге шығып, туған жерінің табиғатын аялауын үйретіп, мектепте туған жер, Отан туралы қызықты ашық сабақтар өту. Сонымен қатар балаларды қызықтыру үшін тарихи этнографиялық экспедицияларға апару. Ол жерде балалардың өздерін қызықтырып жүрген тарихи жайттарға толықтай мағлұматтар алып, тарих жәдігерлерді өз көздерімен көріп, өздерін сол тарихтың бір бөлшегі ретінде сезіну. Мектептерде соған байланысты түрлі батырлық, тарихи оқиғаларға байланысты қойылымдар қою. Сол қойылымдарда арқылы өздерін сол батырлардың орынына қойып балалардың бойында ұлтжандылық қасиеттерді дарыту. Оларды Ер Төстіктің қаһармандығын, Исатай батырдың ел бастаған билігін, Махамбет батырдың шешендігін, Б.Момышұлының батырлығын ұғындырып, тамыры терең патриоттық тәрбиенің көзі ұлттық тарихымызда екендігіне көз жеткізу.

ЖОО-да, мектептерде, балабақшаларда мәдени апталықтарға қатысу, туған жер туралы түрлі дискуссиялар өткізу, өз елінің дамуына орасан зор үлес қосқан нағыз ұлтжанды, патриот ақын жазушылармен көптеп кездесулер өткізу. Жастарда мотивациялық сфераны қалыптастыру, ұлтжандылықтың интеллектуалды-эмоционалды компонентін дамыту сонымен бірге ұлтаралық қарым-қатынас пен патриотизмге негізделген көзқарастар мен сенімдерді тәрбиелеу.

Әлемде қазақ деген ұлт біреу, демек оның ұлттық таным табиғаты, ұлттық ойлау болмысы, яғни менталитеті, салт-санасы, әдет-ғұрыпы барша қазаққа тән. Оның рухани-мәдени, тарихи мол қазынасы да – тұтас ортақ байлық. Жастар біздің болашағымыз. Сондықтан қазақ халқының өн бойындағы ұлттық қасиеттер бала тәрбиесімен қатар, еліміздің ұлтаралық келісімінің баяндылығына, саяси тұрақтылықтың беріктігіне де ықпал ететіні сөзсіз.

Әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. «Қалың елім - қазағым». Алматы: Өнер, 1996.
2. Даль В.И. Түсіндірмелі сөздік. 1978.
3. Құдабаев А.Ж. «Ұлттық рухтың ұстазы». Павлодар, 2006.

4. Назарбаев Н.Ә. «Тарих толқынында». Алматы, 1999.

5. Шаханов М. «Төртана» // Егемен Қазақстан. 23.08.1995 ж.

В данной статье автор рассматривает вопросы патриотического воспитания казахстанской молодежи. Автор статьи предлагает методику развития патриотизма в ВУЗах, школах, детских садах.

In this article the author examines the patriotic upbringing of young people of Kazakhstan. The author of the article proposes the method of development of patriotism in the universities, schools and kindergartens.

Н. Исманова,

*әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
«6N0103-Педагогика және психология»
мамандығының 2 курс магистранты*

ГЕНДЕРЛІК ТӘРБИЕ: ТАРИХИ АСПЕКТІСІ

Қазіргі таңда ғылым мен қоғамда ғана емес, сонымен қатар антропологиялық ғылымдардың барлығында гендер мәселесіне үлкен мән берілуде. Соған қарамастан пәндік ерекшеліктері де сақталуда: әйел мен еркектің жеке дара қасиеттері мен ерекшеліктері талқыға салынуда; әлеуметтанушылар гендерлік ереже қоғамның гендерлік стратификациясы, еңбектің гендерлік бөлінуі және басқа да қызметтері туралы жиі сөз қозғауда; педагогикада гендерлік тәрбие, гендерлік әлеуметтану және т.с.с мәселелер қарастырылуда.

«Гендер ұғымы жыныстың әлеуметтік құрылымы деген мағынаны береді. Гендер қоғамның әйел және еркекке бөлінуінің өзі әлеуметтік өмірдің, жемісі екенін көрсетеді», – деп гендер ұғымын әлеуметтік тұрғыдан қарастырады [1; 68].

Гендер – ерлер мен әйелдер арасындағы ерекшелік сияқты әлеуметтік мазмұнға ие. Бұл ерлер мен әйелдердің бір-біріне деген әлеуметтік қарым-қатынасын білдіреді. Гендерлік әлеуметтану – бұл адамның өз гендерлік рөлін игеру үдерісі. Осы үдеріс арқылы «ер» және «әйел» ұғымына сәйкес қоғамдағы этикет нормаларын, жынысына қатысты құндылықтарды, қажеттіліктерді меңгеруге болады.

Бүгінгі таңда «гендер» ұғымы бәріміздің жиі еститін таныс сөзімізге айналды. Бұл ұғымның әйел мәселесіне байланысты екенін аңғарамыз. Осы ұғымға терең үңіле қарасақ, «гендер» тепе-теңдікті үйлестіріп отыратын саясатты қамтиды. Демек, тепе-теңдіктің өлшемі – ер азамат. Ал әйел ер адамнан кем болмауы тиіс. Олай болса, ер азаматқа жүктелген шаруаның бәрінен әйелдерді тыс қалдырмағанымыз жөн.